ҒТАХР 14.35.09

СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АУТЕНТТІК БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Х.И. Рахматуллаева, А.М. Жалалова
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
hamida-9708@mail.ru, akshaim01@mail.ru

Мақала шетел тілі сабақтарында бейнематериалдарды қолдана отырып, студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мәселесіне арналған. Авторлар оқу үрдісінде бейне фрагменттермен жұмыс істеуге жаңа көзқарасты ұсынады. Шетел тілін оқытуда бейнені пайдалану оқытушы мен білім алушылар үшін тіл мен сол елдің мәдениетін меңгеруде кең мүмкіндіктер ашады. Бұл зерттеудің мақсаты - студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған түпнұсқалық бейнематериалдарды пайдалана отырып, жұмыс тәсілдерінің кешенін әзірлеу және сынақтан өткізу. Бұл зерттеу ағылшын тілін А2 деңгейінде меңгерген ЖОО студенттерімен жүргізілді. Оқу - әдістемелік әдебиеттерді және өзіндік тәжірибені талдау аутентті бейнематериалдардың білім беру міндеттерін шешуде үлкен әлеуетке ие екендігін көрсетті.

Түйін сөздер: аутенттік бейнематериалдар, коммуникативтік құзыреттілік, шет тілі, дағды, құзыреттілікті дамыту.

Кіріспе

Қазіргі қоғам ғылым мен техниканың қарқынды дамуымен, жаңа ақпараттық технологияларды жасаумен, мәдениетаралық коммуникацияларды кеңейтумен сараланады, бұл білім беруді қоса алғанда, адами қызметтің барлық салаларына елеулі түрде әсер етеді. Қазақстанның әлемдік мәдени, саяси, экономикалық, ақпараттық кеңістікке кірігуі Қазақстан білім беру жүйесінің алдына жаңа мақсат, жаһандық ойлауға, шығармашылық әлеуетке, ақпараттық мәдениетке ие, тез өзгеретін көпмәдени әлемде өздігінен білім алуға және өзін-өзі іске асыруға қабілетті тұлғаны қалыптастыруды қояды.

Соңғы жылдары ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік әдіс-тәсілдерге баса назар аударудың нәтижесінде бейнені қолдану үрдісі тез өсуде. Бейне бай және бағалы ресурс болғандықтан, студенттерге де, оқытушыларға да ұнайды [1; 45]. Студенттерге бейнені қолдана отырып сабақ беру барысы жағымды әсер береді, себебі аутентті мультипликация қызықты, күрделі және тіл үйренушіні ынталандырады.

"Бейне" термині (лат. "video" - көремін, қараймын) визуалды және аудиовизуалды материалды жазу, өңдеу, беру, сақтау және жаңғырту технологияларының кең спектрі мағынасын береді.

Бейнематериалдар дегеніміз - ақпарат беру функциясын қамтамасыз ететін оқытудың техникалық құралдары, сондай-ақ оны қабылдау және меңгеру процесінде ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік немесе басқа да дағдыларды (соның ішінде сөйлеу дағдыларын) одан әрі дамыту мақсатында кері байланыс алу болып табылады. Оқытушылар шетел тілі сабақтарында қолданатын бейне материалдар түпнұсқа, яғни тіл тасымалдаушылар (native speaker) тарапынан жасалынған болуы тиіс. Сабақта бейне материалдарды қолдану тіл үйренушілердің сөйлеу белсенділігін дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ оларды ынталандырады. Бейнематериалдарды пайдалану елтанушылық білім алуға және жаңа лексикалық бірліктерді зерттеуге мүмкіндік береді. Тіл үйренушілер оқитын тіл елінің күнделікті өмірімен таныса алады, әртүрлі кейіпкерлердің орнына өздерін қойып, оларды сезіне алады және өмірлік қиындықтарды шешуге көмектеседі. Бұл ретте оқытылатын тілдің елдің күнделікті өміріне қатысуының әсері тек табиғи, тірі тілді оқытуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ынтасын арттыру үшін ерекше ынталандыру күші болып табылады.

Аутенттік фильмдер шет тілін оқыту барысында тіл үйренушіге эмоционалдық әсер береді. Өйткені, аутенттік бейнематериалдар таза, шынайы, табиғи әрі тірі тіл болып есептелінеді. Сонымен қоса, көптеген аутентті фильмдерді түпнұсқасында көру тіл үйренушінің мәдениетін арттыру үшін қажет. Мысалы, бейнематериал арқылы оқиға болып жатқан елдің, қаланың тарихи, көрнекі орындарымен танысуға мүмкіндік береді, оқып, үйреніп жатқан елдің мерекелері, салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерімен де танысуға болады. Сабақта бейнематериалдарды қолдану білім сапасын арттырумен қатар, жаттығуларды орындау барысында, ағылшын тіліндегі төрт дағдыны яғни, сөйлеу, тыңдалым, оқу және жазу сияқты дағдыларды дамытуға көмектеседі. Аутентті бейнематериалдарды қолдана отыра берілген сабақ қызықты өтетіндігі бәрімізге мәлім, ал, сонымен қатар, аутентті бейнематериалдар тіл үйренушілердің өздігінен жұмыс істеу қабілетін, өзіндік пікір қалыптастыру қабілеттерін дамытуға үлес қосады.

Р.Гауэр, Д.Филлипс және С. Уолтерс «аутенттік» терминіне келесі анықтамаларын ұсынды: "Барлық тіл тасымалдаушы естиді, оқиды немесе пайдаланады және шынайы материал ретінде сипатталуы мүмкін: театр бағдарламасы, газеттер, журналдар, өлеңдер, әндер, брошюралар, парақшалар, мәзірлер, бағдарламалар мен фильмдер және бұл тізімді шексіз жалғастыруға болады. Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын студенттер үшін түпнұсқалық материалдар әзірленбегендіктен, олар деңгей бойынша жіктелмейді, бірақ олардың кейбіреулерін басқалардан гөрі түсіну қиын" [2; 82].

Дж. Хармердің айтуынша, тіл тасымалдаушылар тарапынан алғашында арнайы білім беру мақсаттары үшін жасалынбаған материалдар аутенттік материалдар деп аталады [3; 273].

Шет тілін оқытуда аутенттік бейнематериалдарды қолдану тіл үйренушілердің екі түрлі ынталандырушылық қабілетін дамыта алады: оның біріншісі, өзіндік ынталандырушылық, яғни бұл жерде көрсетілетін фильм қызықты болуы керек. Ал екіншісі, тіл үйренушінің фильмді көру барысында сөздерді түсінуі оны ынталандырып, одан әрі тілді тереңірек үйренуге апарады. Біздің бұл жерде тіл үйренушіні бейнематериалдар қызықтығымен емес, тілді түсіну арқылы ынталандыру қабілеттерін қалыптастырып, дамытуға тырысуымыз қажет. Аутентті бейнематериалдармен жұмыс жасау басқа ұлт мәдениетін, дәстүрін тануға, өзара еркін тіл алмасуға көмектеседі, ал бұл өз кезегінде оқытудың ең негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеу мәселесі

Студенттер ағылшын тілін дұрыс және тиімді пайдалануда түрлі қиындықтарға тап болып жатады. Көптеген студенттер өздерінің лингвистикалық білімдерін нақты практикада қолдана алмайды, бұл студенттердің ағылшын тілі тасымалдаушыларымен (native speaker) өте аз оқытылатынына байланысты болуы мүмкін. Тіл үйренушілер ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын қалыптастыру барысында қиындықтарға жолығып жатады, себебі тіл үйренуші өзінің жинаған білімін тәжірибеде, нақты өмірде қолдана алмай жатады. Себебі, олар ағылшын тілін өз ортасында жиі пайдаланбайды және көп жағдайда сынып ортасы өзара іс-қимылға өте жақсы дайындалмаған. Тиісінше, бұл зерттеуде бакалавриат студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда аутентті бейнематериалдарды қолданудың маңызын зерттеуге әрекет жасалған.

Зерттеудің мақсаты - студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған аутенттік бейнематериалдарды пайдалана отырып, жұмыс тәсілдерінің кешенін әзірлеу және сынақтан өткізу.

Зерттеу міндеттері: ЖОО студенттерінің шет тілі сабағында аутенттік бейнематериалдарды қолдану ерекшеліктерін анықтау; аутенттік бейнематериалды таңдау және бірқатар әдістемелік жаттығулар жасау, олардың шет тілі сабақтарында қолданылуы ЖОО студенттерінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін қарастыру.

Әдебиеттерге шолу

Қазіргі кезде шет тілін оқыту барысында аутенттік бейнематериалдарды қолдануға мүмкіндіктер жасалынуда. Жаңалықтар бағдарламалары, жарнама, комедиялар, деректі фильмдер, драмалар, академиялық дәрістер интернет арқылы сандық форматта қолжетімді. Бұл ресурстардың көпшілігі бастапқыда оқу материалдары ретінде қолданылмаған. Аутентті бейнематериал нақты коммуникативтік мақсатқа қызмет етеді.

Іс-тәжірибеде интерактивті құрылғылардың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін сабақта төмендегі іс-шараларды қолданудың маңызы зор.

- Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту процесіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану.
- Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылық іс - әрекетін компьютерлік ойындар және т. б.) сабақта жиі қолдану.
- Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру.
- Жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедия – технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу процесінің материалдық -техникалық базасын жетілдіру» [4; 60].

Шет тілін оқыту процесінде аутенттік бейнематериалдарды қолдануға арналған шетелдік әдіскерлер арасында М. Аллен, Д. Букингем, К. Конт, М. Лавери, М. Руан, Ю. А. Уильямсон, Дж. Уиллис, Джей Лонерган сынды ғалымдар бар.

М. Исупованың пікірінше, көрнекі элементтер тіл үйренушілерге нақты ақпаратты, сондай-ақ белгілі бір контексте тілдің ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді, өйткені өзге тілді дыбыстық қатарды визуалды сүйемелдеу, оның мағынасын терең және дәл түсінуге, оқушылардың фонематикалық және есту дағдыларын дамытуға ықпал етеді [5; 150].

Х.Мирван «Сыныпта бейнематериалдарды пайдалану студенттердің оқуға деген ынтасын арттыра алады» [6; 62].

Шет тілі сабақтарында аутенттік бейнематериалдарды пайдалану оқуға деген уәждемені арттырады және студенттердің коммуникативтік, оқу, зерттеу және шығармашылық қызметіне жақындатылған белгілі бір жағдайларды жасайды [7; 1961].

Хармердің ойынша, фильмдер мен бейнелерді пайдалану кезінде әртүрлі қарау әдістерін ұсынады, соның ішінде:

- дыбыссыз көру (дыбыссыз бейнені ойнату),
- стоп - кадрлау (суретті қатыру және студенттердің сұрағы, олардың пікірінше, одан әрі не болады),
- ішінара қарау (экранның көп бөлігін қағаз парағымен жабу),
- сурет немесе сөз (сыныптың жартысы бейнені көреді, ал екінші жартысы тек қана дыбысты естиді),
- фильм субтитрлері (студенттер ағылшын тілінде бейнені көреді және естиді),
- бейнесіз тыңдау (дыбысты тыңдаудың алдында бейне көру [8; 310].

"Аутенттік аудио және бейнематериалдарды қолдану тіл үйренушілерге интерактивті тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді", - деп, атап өткен ресейлік ғалым Г.А. Воробьев [9; 33]. Осыған байланысты коммуникацияға негізделген осы жүйелік әдіс, яғни аутентті бейне немесе киноматериалдарға негізделген оқыту әдісіне ресейлік ғалымдар А.Е. Чикунов [10], Ю.И. Верисокин [11] көптеген зерттеулер жүргізді. Шетелдік маман Стемплиски шетел тілдерін оқытуда бейнематериалдарды мақсатты қолдану әдістемесі бойынша әдебиет сериясын жасады.

Ю.И. Верисокиннің айтуынша, ағылшын тілі сабақтарында фильм мәтінін есту арқылы қабылдау оқушылардың әртүрлі адамдардың тілін түсінуге дайындалуына ықпал етеді [12; 32].

И.А.Щербакова фильмдерді қолданудың күнделікті педагогикалық тәжірибесі киноның қарқынды сыртқы тітіркендіргіш ретінде өнімде шартты-рефлекторлық қызметті тудыратынын және білім мен дағдыны тез әрі сапалы меңгеруге ықпал ететін қуатты әрі тиімді құрал екенін дәлелдейді [12; 94].

С.Стемплески мен Б.Томалин бейнені нағыз өмірлік жағдайларда аудиторияда ситуативті контексте ең үздік құрал деп бағалайды [13; 3]. Сонымен қатар, сабақ кезінде бейнені пайдалану-дың ынталандыру әлеуеті бар. И.Я. Смирнов бейнематериалды қабылдаудың ерекше шарты деп кері оқу процесін түсінеді: заттан оны ұғыну, атау, ішкі сөйлеуді құру [14; 12]. Бұл ұғыну механизмінің шынайылықты қабылдауға көп ұқсастықтары бар. Бірақ қарым-қатынастың шынайы, нақты жағдайларына қарағанда, бейнені пайдалана отырып қолданған оқу

материалының кейбір артықшылықтары бар. Бірақ қарым-қатынастың нақты жағдайларына қарағанда, бейнені пайдалана отырып жасалынған оқу материалдарының кейбір артықшылықтары бар. Оқытушы студенттерді көруге дайындай алады, барлық фильмді толық емес, көру үшін қандай да бір белгілі бір фильм эпизодтарын таңдай алады, көрсету кезінде ол көруді тоқтата алады, эпизодтардың реттілігін өзгерте алады, тек бейнелерді (өшірілген дыбысты) көрсете алады, көргендерге түсініктеме бере отырып, таңдалған үзіндіні қайтадан көре алады.

Аутенттік бейнематериалдарды пайдаланудың әдістемелік мақсаттылығы олардың оқу мақсаттарында "объективті және субъективті жоспардың (тілді қоса алғанда) өзара іс-қимыл жасайтын нақты факторларының динамикалық жүйесі, адамды тілдік коммуникацияға тартатын және тыңдаушы рөлінде бір қарым-қатынас актісі шегінде оның тілдік мінез-құлқын анықтайтын вариативті коммуникативтік жағдайларды аудиовизуалды көрсетуге мүмкіндік беруімен расталады" [15; 142].

Технологиялардың қарқынды өсуі білім беруде, әсіресе, тілдерді оқытуда көптеген инновациялардың пайда болуына әкелді. Тіл мұғалімі, әсіресе, ағылшын тілі мұғалімдері табысты сабақтарын ұсыну және жасау үшін, оқу процесін жеңілдету үшін әртүрлі аудиовизуалды құралдарды пайдалана алады, сондай-ақ фильмдер, әндер, power point презентациялары ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытылатын сыныптарда кеңінен қолдана алады [16; 502].

Бейнені пайдалану тиімді деп саналады, өйткені ол түсінуді дамытуға көмектесетін көрнекі мысалдарды суреттейді. Ол нақты өмір мен мектеп өмірі арасындағы алшақтықты толтыратын материал ретінде қарастырылады. Әсіресе, аутенттік материалдарға қол жетімділігі шектеулі ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын студенттер ортасында бейнебаспа ретінде қарастырылады [17; 450].

Көптеген жылдар бойы фильмдер білім беруде маңызды рөл атқарды. Мәдени мәтінге бай бола отырып, фильмдер әртүрлі тақырыптар мен элементтерді қамтиды, оларды кез келген деңгейде немесе зерттеу саласында тамаша оқу құралы етеді. Мұғалімдер мен оқытушылар оқушыларға түрлі пәндер мен дағдыларды меңгеруге көмектесу үшін фильмдерді пайдаланады [18; 218].

Сонымен қатар, фильмдердің кейіпкерлері мен белгілі бір жағдайларда қолданылатын вербальды және вербальды емес жүріс-тұрыс түрлері бірқатар эпизодтар ішінде қайталанады, бұл, әрине, студенттердің тұлғааралық қарым-қатынас іскерлігінің дамуына және қарым-қатынастың тиісті тілдік және сөйлеу құралдарын меңгеруіне мүмкіндік береді.

Осылайша, тіл үйренуші, сөз немесе фраза ғана емес, тұтас коммуникативтік кешен - адамның эмоциялық жағдайы, коммуникативтік ниеті, мағынасы, сөз / фраза, интонация, мимика, қимылды меңгереді. Көптеген мәдениеттерде эмоциялар моральдық және әлеуметтік өлшеммен тығыз байланысты болады және индивидтің "жеке" субъективті сезімдері ретінде ғана емес, әлеуметтік мінез-құлық пен қоғамдық мақұлдау аспектісінде қарастырылады.

Зерттеу нысаны

2019/2020 оқу жылының бірінші жарты жылдығында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде "Шет тілі"мамандығында оқитын 24 студентпен тәжірибе жүргіздік. Зерттеудің іріктеуі үш топтың ішінен қарапайым кездейсоқ таңдау арқылы іріктелген студенттер болды.

Зерттеу ұзақтығы

Зерттеу 2019/2020 оқу жылының бірінші семестрінде жүргізілді. Ол аптасына 40 минуттан 10 аптаны қамтыды. Екі кезең, яғни, зерттеуден алдында және зерттеуден кейінгі тестілеу үшін пайдаланылды, ал қалған 8 кезең эксперимент үшін пайдаланылды.

Зерттеу құралы

1. Нұсқаулық үшін 8 сабақ жоспары.

2. Мәдениет, қоршаған орта және шытырман оқиғалар туралы ағылшын тіліндегі 10 қысқа деректі фильм. Әрбір бейне 7-10 минутқа созылды.

3. Бейне арқылы коммуникативтік дағдыны дамыту процесіне дейін және кейін студенттердің үлгерім прогресін зерттеу үшін алдын ала тест және посттест ретінде тестер қолданылды.

Зерттеу рәсімі

1. Оқу рәсімдері мен оқу мақсаттары студенттерге бір қадаммен сипатталды.

2. Олар алдын ала тестілеуден өтті.

3. Эксперимент тобы 8 апта ішінде ұзақтығы 7-10 минутты қамтитын бейне арқылы оқыды. Ал бақылау тобы сол дәстүрлі оқыту жүйесі арқылы оқытылды.

4. Экспермент және бақылау топтары келесі тестілеуді өткізу үшін дайындалды.

5. Алдын ала және одан кейінгі тестілеу нәтижелері статистикалық түрде талданды, салыстырылды және салыстырмалы диаграмманы пайдалана отырып түсіндірілді.

6. Эксперименталды топ студенттеріне бейнероликтерді тыңдаудың дағдыларын үйретуде қолдануға қатысты сауалнамаға жауап беру тапсырылды.

Зерттеу әдістемесі

Ағылшын тілін оқытуда бейнені пайдаланудың түрлі тәсілдерінің тізімін құрастыруға болады. Көмекші құрал ретінде бейнені пайдалана отырып, тілді оқытуда табысты нәтиже алу үшін мұғалімге де, оқушыға да пайдалы бола алатын кейбір әдістер бар.

БЕЛСЕНДІ ҚАРАУ

Белсенді қарау студенттердің көңіл-күйін көтереді және олардың назарын бейнематериалдың басты идеясына аударады. Осылайша, студенттер бейне-оқыту материалдарына белсенді қатысуы қажет. Бейнені көруді бастамас бұрын оқытушы тақтада бейне туралы бірнеше негізгі сұрақтарды жазады, оқушылар оның мазмұны туралы жалпы түсінік алады. Сұрақтарды көріп шыққаннан кейін студенттер сұрақтарға ауызша жауап береді немесе студенттер бейнені көру барысында өздеріне жазба (ескерту) жазып отыра алады. Егжей-тегжейлі түсіну үшін студенттерге бақылау парағы немесе бейнені қарау жөніндегі нұсқаулық беріледі және олар тілдік нақты мәліметтерді немесе тілдің нақты ерекшеліктерін тыңдап, бейнені қарай алады. Алайда, студенттердің деңгейі ескерілуі және техниканы олардың деңгейіне сәйкес бейімдеуі тиіс екенін ескеру қажет.

БЕЙНЕНІ ТОҚТАТУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

Бұл әдіс still немесе pause түймесін басу арқылы экрандағы бейнені тоқтату арқылы жүзеге асырылады. Бейне бізге кейіпкерлердің дене тілі, мимика, эмоциялары, реакциялары мен жауаптары туралы қосымша ақпарат береді. Оқытушы көңіл-күй мен эмоцияларға қатысты сөздерді үйретуді, нақты сахнада сұрақтар қоюды немесе кейбір сәттерге студенттердің назарын аударғысы келген кезде бейнені тоқтата алады. Бұл әдісте оқытушы бейнені тоқтата отырып, студенттерден одан әрі не болатынын сұрай алады. Сондықтан олар келесі бөлімде не болатынын ойлайды. Стоп-кадр – болжау үшін тамаша әдіс. Бұл әдіс, сондай-ақ, кейіпкерлер туралы қосымша ақпаратты болжау және қорытынды жасау арқылы студенттердің қиялын өрбітеді.

ДЫБЫССЫЗ КӨРУ

Бейне аудиовизуалды орта болғандықтан, дыбыс және көрініс жеке компоненттер болып табылады. Дыбыссыз көру студенттердің қызығушылығын оятады, ойлауды ынталандырады және болжау дағдыларын дамытады. Дыбыссыз көру әдісінде бейне сегменті өшірілген дыбыс пен тек сурет арқылы көрсетіледі. Бұл жаттығу бейнені алғаш рет қарау барысында студенттер үшін болжау әдісі болуы мүмкін. Бұны істеу тәсілдерінің бірі - дыбыссыз бейне фрагментін көрсету және студенттерге кейіпкерлердің мінез-құлқын және олардың дедукцияға қабілетін бақылау ұсынылады. Белгілі бір уақыт аралығы өткеннен кейін экрандағы суретті тоқтату үшін кідіріс түймешігін басамыз және студенттерден не болып жатқанын және кейіпкерлер жайлы не айта алатындықтарын болжауды талап ету немесе осы сәтке дейін не болғанын, қандай оқиғалар орын алғанын студенттерден сұраймыз. Соңында, бейне сегменті қосылған дыбыспен ойнатылады, студенттер өз әсерлерін бейнеде орын алған оқиғалармен салыстыра алады.

ДЫБЫСТЫ ҚОСУ ЖӘНЕ КӨРУДІ ӨШІРУ

Бұл жаттығуда студенттер тек диалогты есті алатындай және әрекеттерді көре алмайтындай етіп бейнені қараңғылату арқылы жүзеге асырылады. Осы жаттығудың арқасында студенттер тек естігеніне байланысты визуалды не болғанын болжайды немесе қайта жаңартады.

ҚАЙТАЛАУ ЖӘНЕ РӨЛДІК ОЙЫН

Бейнеблокта кейбір қиын тілдік сәттер орын алған жағдайда, мұқият қайталау коммуникативтік өндірістік жаттығуларға қажетті қадам болуы мүмкін. Бейнедегі сахна қайталану үшін жеке немесе хормен көрсетіледі. Студенттер презентация туралы нақты түсінік алған кезде, олар еске түсіре алатын бастапқы нұсқаны пайдалана отырып, сахнаны ойнауды сұрайды. Студенттер рөлдік ойындарда сенімді болып, лексика мен тілдік құрылымдары дамыған кезде, шығармашылық іс-әрекет енгізілуі мүмкін. Яғни, студенттен бейнедегі оқиға мен кейіпкерге байланысты лексика мен тілдік құрылымдарды пайдалана отырып, оны орындауды жалғастырып әкетуі сұралады. Рөлдік ойындар студенттерді белсенді қатысушылар ретінде еліктендіруде. Әрбір студент өзіне берілген рөлді атқаруына қарай, ол одан да көп тартысқа түседі. Бұл қызмет, сондай-ақ студенттерге өз мінез-құлқын жақсы түсінуге және әртүрлі адам қарым-қатынастарына оң әсер етуге қабілетті болуға көмектеседі. Басқаша айтқанда, рөлдік ойын - бұл тиімді коммуникативтік қызмет және нақты өмірлік жағдайларға дайындық. Бұл студенттерге оқып жатқан тілді қолдануға мүмкіндік береді.

РЕПРОДУКТИВТІ ҚЫЗМЕТ

Бұл жаттығуда біз студенттерден бейнені көргеннен кейін олардан бейнеде не айтылғанын сипаттауды немесе не болғанын жазуды немесе әңгімелеп беруін сұраймыз. Бұл жаттығу студенттерді өз білімдерін тәжірибеде сынап көруге итермелейді. Студенттер ағылшын тіліндегі эксперименттерден тек қана пайда ала алады, тіпті егер бұл қиын болса да, қателіктер жіберілсе де студенттер үшін бұл пайдалы. Бұны орындау студенттер үшін қиын болып көрінуі мүмкін, алайда бұл жаттығуды орындауда басшылық, көмек және қолдау қажет болуы мүмкін.

ДУБЛЯЖ ЖАТТЫҒУЫ

Біз бұл жаттығуды студенттер қажетті тілдік құзыреттілікке ие болған кезде жүзеге асыра аламыз. Бұл тапсырмада студенттерге дыбыстық бейне-эпизодты көргеннен кейін түсіріліп қалған диалогтарды толтыру ұсынылады. Дубляждың көмегімен бейнесахнаны аяқтау - студенттер үшін қызықты және жағымды.

КЕЙІНГІ ӘРЕКЕТТЕР

Бейне презентация студенттердің сөйлеу дағдысын кеңейтеді және дамытады. Пікірталас студенттер арасындағы қарым-қатынасты ынталандырады және бұл коммуникативтік тәжірибеге қол жеткізуге көмектеседі. Осы қызметтің көмегімен студенттердің бірлесіп пайдалану және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндігі бар.


Зерттеу нәтижелері

2019/2020 оқу жылының бірінші жартысында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде "Шет тілі" мамандығында оқитын 24 студентпен тәжірибе жүргізілген болатын.
24 студенттің 12-сі эксперимент тобында, 12-сі бақылау тобында оқытылды. Аптасына 40 минуттан 10 аптаны қамтыды. Екі кезең, яғни, зерттеудің алдында және зерттеуден кейінгі тестілеу үшін пайдаланылса, қалған 8 кезең эксперимент үшін пайдаланылды.

Алдын ала тестілеу нәтижелері бойынша экспермент тобы мен бақылау тобының коммуникативтік дағдыларының бірдей деңгейде екендігін байқадық.

Зерттеу барысында эксперимент тобы әр кезеңде бейне материалдарды көре отырып, түрлі жаттығуларды орындау арқылы коммуникативтік дағдыларын дамытып отырды. Ал бақылау тобы дәстүрлі оқыту жүйесі арқылы оқуды жалғастырды.10 кезеңде бейне материалды 8 түрлі әдіспен қолдана отырып көрсеттік. Олар белсенді қарау, бейнені тоқтату және болжау, дыбыссыз көру, дыбысты қосу және көруді өшіру, қайталау және рөлдік ойын, репродуктивті қызмет, дубляж жаттығуы, кейінгі әрекеттер.

Біз аутентті бейне материалдарды сабақ барысында осы 8 түрлі әдіс арқылы қолдана отырып, мынандай нәтижеге қол жеткіздік:



1- кесте. Зерттеуден кейін жүргізілген тест нәтижесі

Диаграммада көрсетілгендей, зерттеуден кейін жүргізілген тест нәтижесі бойынша эксперимент тобының коммуникативтік дағдысы 30%-ға көтерілсе, бақылау тобы зерттеудің алдында жүргізілген тест қорытындысымен бірдей нәтиже берді, осы жерден біз эксперимент тобының коммуникативтік дағдылары дамығанын көре аламыз. Яғни, сабақ барысында аутенттік бейне материалдарды қолдану білім алушыларға тіл үйрену барысында оң әсер ететінін, сонымен қоса, білім алушының тіл үйренуге деген ынтасын оятып, коммуникативтік дағдысын дамытатындығын байқай аламыз.

Нәтижелерді талқылау

Осы зерттеудің нәтижесі бойынша, аутенттік бейнематериалдар тілдің коммуникативтік аспектілерін оқытуға жақсы мүмкіндік беретіні анықталды.

Сонымен қатар, осы зерттеудің нәтижелері ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытатын студенттерде тілдің түрлі коммуникативтік аспектілерін қамтитын аутенттік бейне материалдардың әсер етуі 10 апта ішінде тілдің коммуникативтік аспектілерін жақсартып, дамытқанын көрсетті.

Зерттеу нәтижелері бойынша экспериментaлды топтың бақылауға қарағанда үздік нәтижелерге қол жеткізгенін көрсетті, осылайша аутенттік бейне материалдарды ағылшын тілін шет тілі ретінде оқитын білім алушыларды оқытуда қолдануды тілдің коммуникативтік аспектілерін жетілдірудің тиімді әдістемесі ретінде қарастыруға болады.

Экспериментaлды топ студенттері аутенттік бейне материалдарды зерделеудің жаңа тәжірибесі туралы пікірлерімен танысып, біз аутенттік бейне материалдарды пайдалану жалпы білім беруде және тілдің коммуникативтік аспектілерін оқу мен оқытуда қызықты болғанын түсіндік. Студенттер көп уақыт бойы тілді қолдана отырып және әлеуметтік коммуникацияның түрлі жаһандық сайттары арқылы басқалармен қарым-қатынас жасай отырып, әртүрлі аутентті бейне материалдарды қолдану арқылы тілдік дағдыларын дамытты. Зерттеу нәтижелері барлық оқытушылар ұлтына, педагогикалық тәжірибесіне және ғылыми дәрежесіне қарамастан, өз сабақтарын аутенттік материалдармен қамтамасыз етуге оң көзқарас көрсетуі керек. Сонымен қатар, аутенттік бейне материалдар мотивациялық ортаны құру үшін жақсы құрал екені анықталды.

Әдістемелік тұрғыдан сабақта бейнефильмдерді көру пассивті теледидар көрінісінен өзгеше болуы тиіс. Осылайша, оқытушы өзі дайындаған жұмыс парақтары немесе фильмдермен бірге жеткізілетін қосымша материалдарды пайдалана отырып, студенттердің фильм көруіне белсенділігін арттыруы тиіс. Мүмкін болса студенттердің іс-шараларға жиі қатысуы тиіс, олар өздерінің сөйлеу, сұхбат, есеп беру және т.б. сияқты іс-әрекеттерін жазып, мақсатты тілде кейбір

жобаларды өздері жасайды. Қысқаша айтқанда, оқушының рөлі пассивті көру емес, бейне үшбұрышының белсенді қатысушысы, мұғалім және студент болуы керек.

Қорытынды

Бейне материалдар арқылы тілді оқытуда табысты және тиімді нәтижелерге қол жеткізу үшін студент пен оқытушылар өз міндеттерін мінсіз орындауы тиіс. Сонымен қатар, олар шет тілін оқыту саласындағы жаңа әдістер мен тәсілдер туралы хабардар болуы тиіс. Ол үшін семинарлар ұйымдастырылуы керек. Оқытушылар мен сарапшылар тобы білім беру мекемелеріне оларды оңай алуға мүмкіндік беретін бейнекассеталар әзірлеуі тиіс. Бұл кассеталар заманауи, қызықты және оқу жоспарымен қатар болуы тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі уақытта технологияларды пайдалану оқу процесінде сөзсіз тиімді деп қорытынды жасауға болады. Бейнені дұрыс пайдалану - оқушылар мен мұғалімдер үшін өте пайдалы, мұқият таңдалған фильмдер тыңдаудың дағдысы үшін де, сөйлеу мен жазуды ынталандыру үшін де пайдалы және студенттің жалпы тілге ынтасын арттыратын оқу құралы болуы мүмкін.

Біз жасаған барлық жұмыстың қорытындысын шығара отырып, оның мақсаты коммуникативтік құзыреттілікті дамыту және оны жіктеу үшін тең түпнұсқалы бейнематериалдарды пайдалануды қарастыру екенін еске салғым келеді.

Айта кету керек, қойылған мақсатқа біз зерттеудің негізгі міндеттерін орындау арқылы қол жеткіздік:

- студенттерінің шет тілі сабағында аутентті бейне материалдарды қолдану ерекшеліктерін анықтадық;
- аутентті бейнематериалды таңдау және бірқатар әдістемелік жаттығулар жасау, олардың шет тілі сабақтарында қолданылуы, студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін қарастырдық.

Бұл жұмыста көптеген көрнекті ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Интернет желісінің әдістемелік әдебиеттері мен электрондық көздерін зерттеу және талдау, сонымен бірге соңғы уақытта осы салада белсенді зерттеу жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, бұл мәселе әлі де ең даулы және күрделі мәселелердің бірі болып қала береді.

Сондай-ақ, біз коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың қаншалықты маңызды екенін көріп отырмыз, өйткені қарым-қатынастың арқасында біз басқа мәдениеттерді меңгере аламыз және өзара іс-қимыл жасай аламыз.

Сонымен қатар, біз сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал ететін монологтық және диалогтық сөйлеуді дамыту үшін жаттығулар кешенін әзірледік. Әр тақырыпқа арналған жаттығуларды әзірлеу үшін тек аутентті бейнематериалдар қолданылды. Бейне сабақтар студент-тердің тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін. Бейне негізінде оқумен байланысты жаттығулар, мысалы, бос орын толтыру, топтық пікірталас және ауызша презентация, сондай-ақ студенттердің тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытады. Осы материалдарды талдау нәтижесінде дәл осы аутентті материалдарды көру басқа елдің тілін үйренуге шын мәнінде жақсы әсер ететіні, шет тілі сабақтарында білімді меңгеру сапасын арттыруға ықпал ететіні анықталды, оқушыларға ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің өмірі, дәстүрлері, тілдік болмыстары туралы түсінік беруге мүмкіндік береді және студенттердің сөйлеу іс-әрекетінің уәжділігін дамытады.

Авторлар мақалада баяндалған тұжырымдарға сүйене отырып, келесі тұжырымдарға келді:

- қоғамның қазіргі даму жағдайында шет тілі бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мәселесі өте маңызды болып табылады.

- жаңа технологиялардың дамуымен жоғары мектепте шетел тілдерін оқытуда аутентті бейнематериалдарды қолдану заманауи және тиімді тәсілдердің бірі болып табылады.

Аутентті бейнефильмді көрсету студенттердің мотивациясын, лексикалық, сөйлеу және коммуникативтік дағдылар мен іскерліктерді меңгеру деңгейін айтарлықтай арттырады, тыңдау дағдыларын дамытады, оқу материалының көлемін және деңгейін арттырады, бұл оқу процесін қарқындатуға ықпал етеді және студенттердің коммуникативтік (тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени) құзыреттілігін қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Hemei J. (1997) Teaching with Video in an English Class. Journal of English Teaching Forum, 35(2), 45-47.
2. Gower R., Phillips D., Walters S. (1995) Teaching practice handbook. Oxford: Macmillan.
3. Harmer J. (2001) The practice of English language teaching. London: Longman.
4. Исаева Г. (2011) Шет тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданудың кейбір ерекшеліктері. «Жаңа тұрпатты мұғалім дайындаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми конференцияның материалдары. Мектептегі шет тілі. №3.
5. Исупова М.М. (2012) Обучение иностранному языку студентов неязыковых вузов с помощью аутентичных видеоматериалов // Новый университет. Серия: Актуальные проблемы гуманитарных и общественных наук. № 9 (18). С. 3-8.
6. Mirvan X. (2013). The advantages of using films to enhance student's reading skills in the EFL classroom. Journal of Education and Practice, 4(13), 62-66.
7. Иванова С.Г. (2013) Видео на уроках иностранного языка – как средство развития коммуникативной компетентности студентов. Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры: Материалы Всероссийской научно-методической конференции (Россия, Оренбург, 1 февраля 2013 г.), Оренбург: ООО ИПК "Университет", С. 1960-1962.
8. Harmer J. 2007. The practice of English language teaching. 4th ed. Harlow, UK: Pearson Longman.
9. Воробьев Г.А. (2003) Развитие социокультурной компетентности будущих учителей иностранных языков (поиск эффективных путей) / / Иностранные языки в школе. № 2. С. 30-36.
10. Чикунова А.Е. (2011) Аутентичные видеоматериалы как средство развития социокультурной компетентности студентов экономических специальностей // Педагогическое образование в России. Екатеринбург. № 1.
11. Верисокин Ю.И. (2003) Видеофильм как средство мотивации школьников при изучении иностранного языка // Иностранные языки в школе. № 5. С.31-35
12. Щербакова И.А. (1984) Кино в обучении иностранным языкам. Минск. – 94 с.
13. Stempleski E., Tomalin B. (1990) Video in Action. Prentice Hall.
14. Смирнов И.Я. (2006) Развитие устной речи учащихся на основе аутентичного художественного фильма // Иностранные языки в школе. №6. С.11-14.
15. Ivanovskaya I.P., Nefyodov O.V. (2015) Teaching foreign languages to nonlinguistic students in non-authentic environment. Prioritety mirovoj nauki: eksperiment i nauchnaja diskussija. Materialy VIII mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii. Nauchno-izdatel'skij centr «Otkrytie». North Charleston, SC, USA, pp. 139-146.
16. Lumturie Bajrami, Merita Ismaili (2016) The Role of Video Materials in EFL Classrooms. Journal , 232, 502-506, https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042816313003
17. Bal-Gezegin B. (2014) An Investigation of Using Video vs. Audio for Teaching Vocabulary// Journal Procedia - Social and Behavioral Sciences, 143, 450-457, https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814044449
18. Perry M.Sh. (2018) 21st Century Skills through Film Production in Tertiary Education: A Transformative Assessment in a Literature and Media Course. 3L: Language, Linguistics, Literature// The Southeast Asian Journal of English Language Studies. 24(4): 214 – 232. http://doi.org/10.17576/3L-2018-2404-16

Развитие коммуникативной компетентности студентов через аутентичные видеоматериалы

Х.И. Рахматуллаева, А.М. Жалалова
Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы Казакстан,
hamida-9708@mail.ru, akshaim01@mail.ru

Статья посвящена проблеме формирования коммуникативных навыков студентов с использованием видео материалов на уроках иностранного языка. Авторы предлагают новый подход к работе с видеофрагментами в учебном процессе. Использование видео в обучении иностранному языку открывает широкие возможности для преподавателей и обучающихся в изучении языка и культуры страны. Целью данного исследования является разработка и апробация комплекса методик работы с использованием оригинальных видеоматериалов, направленных на формирование коммуникативной компетентности студентов. Это исследование проводилось со студентами вузов, владеющими английским языком на уровне А2. Анализ учебно-методической литературы и собственного опыта авторов показал, что аутентичные видеоматериалы обладают большим потенциалом в решении образовательных задач.

Ключевые слова: аутентичные видеоматериалы, коммуникативная компетентность, иностранный язык, навыки, развитие компетенций.

Development of students' communicative competence through authentic video materials

Kh.I. Rakhmatullayeva, A.M. Zhalalova
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
hamida-9708@mail.ru,akshaim01@mail.ru

The article is devoted to the problem of forming students' communication skills using video materials in foreign language lessons. The authors offer a new approach to working with video fragments in the educational process. The use of video in teaching a foreign language opens up wide opportunities for teachers and students to learn the language and culture of the country. The purpose of this research is to develop and test a set of methods of work using original video materials aimed at the formation of students' communicative competence. This study was conducted with University students who speak English at A2 level. The analysis of educational and methodological literature and our own experience has shown that authentic video materials have a great potential in solving educational problems.

Keywords: authentic video materials, communicative competence, foreign language, skills, development of competencies.

Редакцияға 30.04.2020 түсті.